

**Павлодар қаласы әкімінің 2002 жылғы 11 желтоқсандағы "Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ерікті жасақтар туралы" N 550 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2003 жылғы 14 қаңтардағы МТН 1590)**

### *Күшін жойған*

Павлодар қаласы әкімиятының 2003 жылғы 10 ақпандағы N 71 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 ақпанда N 1634 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 9 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 9 шешімімен.**

Қала әкімінің актілерін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Павлодар қаласы әкімінің 2002 жылғы 11 желтоқсандағы "қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ерікті жасақтар туралы" N 550 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ерікті жасақтар қызметінің қағидаларында:

3-тармақта "Ерікті жасақтар мүшелеріне кандидаттар құқықтық статистика және ақпарат Орталығында сотталғанын анықтау мақсатында арнайы тексерістен өтеді" сөздері алып тасталынсын;

7-тармақта "көрсетеді" сөзі "көрсетуге құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ алып тасталынсын;

13-тармақтың 2) тармақшасында "Ерікті жасақтар командирлеріне жаза қолдану" сөздері алып тасталынсын;

19-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталынсын;

21-тармақта "ол жұмыс істейтін ұйыммен төленеді, еңбекақысы сақталады" деген сөздер "Ерікті жасақтардың қызмет етуіне жергілікті бюджетте қаралған қаражат есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақ алып тасталынсын.

2. Осы шешім екі апта ішінде Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап ресми жариялансын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап күшіне енеді.

*П а в л о д а р                    қ а л а с ы*  
*ә к і м і н і ң                    м і н д е т і н*

*атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК